



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Қазақстанда жанармай тапшылығы жоқ

Энергетика министрі Болат Ақшолақов Нұр-Сұлтандағы «бензин тапшылығы» туралы хабарламаларға түсініктеме берді, деп хабарлайды Egemen.kz.

«Елде бензин тапшылығы жоқ. Бізде жанармай құю станциялары жанар-жағармай құю бекеттеріне қанша келік кіретінін, қанша кететінін анықтайды. Олар өздерінің орташа



шығындарын біледі, соның негізінде мұнай базаларынан немесе зауыттардан жанармайға тапсырыс береді», деп түсіндірді Болат Ақшолақов ОКҚ брифингінде.

Энергетика вице-министрі Әсет Мағауов Нұр-Сұлтанда АИ-92 бензинінің қоры жеткілікті екенін қоса айтты.

Айта кетсек, шілде айының басында әлеуметтік желіде Нұр-Сұлтан қаласында АИ-95 маркалы бензиннің тапшылығына байланысты ЖМҚС көзектері тіркелгені, сондай-ақ отын сатуға лимиттер белгіленіп, талондар енгізілгені туралы ақпарат тарады. Энергетика министрлігі бұл ақпаратты жоққа шығарған еді.



Іздегенге сұраған мамандар

Биыл Мемлекеттік комиссия шешімімен медициналық мамандықтар бойынша білім алған 4,1 мың түлектің 2,9 мыңы дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлері тапшы аймақтарға қызмет етуге бөлінді.

Медициналық жоғары оқу орындарын бітірген 4 137 түлектің 2 981-і өңірлерге бөлінді. Оның ішінде бакалавриат – 116, интернатура – 2 644, резидентура – 1 153, магистратура – 90, докторантура – 134. Ал мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында медициналық мамандықтар бойынша 2022 жылы оқуын аяқтаған 1 156 түлек «Білім туралы» заңның 17-2 тармағына сәйкес

мемлекет есебінен тегін оқу ақысын еңбекпен өтеу міндеттемесінен босатылды (олардың қатарына мүгедектігі бар жандар, резидентура, магистратура, докторантурада оқуын жалғастырушылар, жүкті әйелдер немесе үш жасқа дейін баласы бар немесе баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырғандар, т.б. жатады).

«Айта кетерлік жайт, жергілікті әкімдіктер өңірлерге кадр тарту әрі ынталандыру мақсатында ауылдық жерге еңбек етуге келген жас мамандарға 100 АЕК көлемінде көтермелеу қаржысын төлеуді қарастырады және 1 500 АЕК көлемінде үй алуға немесе үй құрылысына бюджеттік кредит ұсынады. Сондай-ақ бірқатар

өңірде республикалық не жергілікті бюджет қаражаты есебінен, медициналық ұйымдардың бюджеттен тыс қаржысы есебінен үй алуға бюджеттік кредит беру секілді қосымша әлеуметтік қолдау шаралары қарастырылған», делінген Денсаулық сақтау министрлігі тарапқан ақпаратта.

Сонымен қатар жыл сайын медицина мамандықтарына мемлекеттік білім беру тапсырыс көлемі ұлғайып келеді. 2022 жылы шамамен 4 700 грант бөлінді. Оның ішінде бакалавр пен интерндерге – 2 700 орын, резиденттерге – 1 500 орын, магистранттарға – 325 орын, докторанттарға 160 орын бөлінген.

Азық-түлік бағасына интервенция керек

Азық-түліктің бағасы күн санап қымбаттап барады. Әлемдегі жағдай да мәз емес. Бірақ қымбатшылықтың қазіргі деңгейіне адам факторының да ықпалы бар екені айтылып жүр.

Бізге Ұлттық тауар өткізу жүйесін құру қажет

Премьер-Министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтановтың айтуынша, жылдың соңына дейін Үкімет отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өз өнімдерін ірі сауда желілеріне жеткізуге көмек беретін бастамаларды жүзеге асырмақ. Мұндағы басты мақсат – сөрелерді қолжетімді бағадағы тауарлармен қамтамасыз ету. Сондай-ақ үстемес ақылардың шегін реттеу мен делдалдар санын азайту жөніндегі шаралар да қолға алынбақ.

Оның айтуынша, елдің азық-түлік қауіпсіздігін, азық-түлік өнімдерінің бағасын қолжетімді ету үшін ұлттық тауар өткізу жүйесін құру қажет. Жобаны жүзеге асырудың бірінші кезеңі өткен жылдың соңында тоқтатылды. «Бұл қаржыландыру шарттарындағы өзгерістерге және МЖӘ (мемлекет-жекеменшік әріптестігі) шарты шеңберінде мемлекеттегі міндеттемелер деңгейін қайта қарауға байланысты. Ал бүгінде оның баламалы нұсқалары қарастырылып жатыр,

оның ішінде жаңа инвесторларды тарту да жоспарда бар», дейді Б.Сұлтанов.

Қысқасы, Б.Сұлтанов басқаратын министрлік әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының қымбаттауына жол бермеу үшін Үкіметтің қолданыстағы арсеналына жаңа тетіктерді қосуға уәде беріп отыр.

Азық-түлік бағасы шектен шықса немесе оның тапшылығы сезіле бастаса, оған жауаптылар бірінші кезекте тұрақтандыру қорына иек артады. Бұл қор – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаның өсуін тежеу үшін құрылған мемлекеттік тетіктердің бірі.

Экономист Мұрат Темірхановтың айтуынша, тұрақтандыру қорын құру туралы идея инфляция дес бермей кеткен кезде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын нарықтық бағадан төмен деңгейде ұстап тура мақсатында туындаған. Басқаша айтқанда, инфляция деңгейін арзан бағамен сатып алып, қайта сату интервенциясы.

Азық-түлік бағасын интервенциялаудың құқықтық базасы 2005 жылы қалыптасты. Бірақ іс жүзінде 2015 жылдан бастап қана жұмыс істей бастаған. Сарапшылар азық-түлік бағасын мемлекет тарапынан реттеу нарық заңына қайшы екенін, арзан бағамен сатып алған өнім түрлерін сақтайтын қоймалардың елде аз



Қасым-Жомарт Тоқаев тұрақтандыру қорының механизмдері дұрыс жүзеге аспайтынын, оның ішкі нарыққа әсері төмен деңгейде екенін, тіпті ол кейбір шенеуніктер үшін табыс көзіне айналғанын айтты.

Сарапшылар да арзан несиелер арқылы азық-түліктің мол қорын сатып алып, оны арзан бағамен саудаға шығару қателік екенін жеткізді. «Сауда нүктелеріне 100 млрд теңге арзан несие беру өзін-өзі ақтаған жоқ. Мұны Мемлекет басшысы да ашып айтты. Президент айтып өткендей, арзан несие бірінші кезекте сауда нүктелеріне емес, сол өнімді өндіріп отырған фермерлерге керек», дейді М.Темірханов.

Сарапшылар экономика заңдылығы нарықтағы үйлесімділіктің сақталуын құп көретінін айтудан шаршаған емес. Әлемдік нарық 2020 жылғы ішкі нарықтағы басы артық қаржыны әлі күнге дейін бойына сіңіре алмай жатыр. Сол елдердің ішінде біз де бармыз. М.Темірханов айтып өткендей, экономикаға мұндай эксперименттердің қажеті жоқ. «Біз мемлекеттің экономиканы шектен тыс ебекей беруі инфляцияны қалыпты шеңберден шығарып жіберетінін сол кезде айтқанбыз. Қазіргі жағдай – соның нәтижесі», дейді М.Темірханов.

«Егемен Қазақстан» газетінен ықшамдалып алынды.

“AMANAT” партиясының “Халыққа көмек” партиялық жобасы аясында, аудандық партия филиалының жоспарына сәйкес, “Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы” Созақ аудандық филиалының директоры А.Анарбаев және аудандық Халықты жұмыспен қамту орталығының бөлім меңгерушісі М.Искакова және “Отбасы банк” АҚ Түркістан облысы, Созақ аудандық филиалының өкілі А.Әбдінаби Сызған ауыл округі мен Таукент тұрғындарымен кездесті.



Тұрғын үй бағдарламасы түсіндірілді

Кездесу барысында тұрғындардың сауалдары бойынша банк тарапынан жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар мен жалдамалы пәтер ақысының 50 % мемлекет тарапынан өтеу туралы, “Отбасы банк” АҚ-ның “Бақытты отбасы” бағдарламасы бойынша, қайтарымсыз грант, бизнес-идеяларды іске асыруға және кәсіпкерлікті дамыту бойынша онлайн оқу, жылжымайтын мүлік тігу арқылы несие рәсімдеу, тұрғын үй құжаттарын рәсімдеу бойынша сұрақтар қойылды.

“Отбасы банк” жүзеге асырып жатқан жалдау ақысын субсидиялау бағдарламасы баспана кезегінде тұрған адамдарды көбірек қамту мақсатында, 2022 жылдың 4 шілдесінен бастап otbasy-bank.kz платформасында бағдарлама талаптарына сәйкес келетін кез келген қазақстандық субсидия алуға өтініш бере алады деп банк өкілі тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Сондай-ақ, Халықты жұмыспен қамту орталығының бөлім меңгерушісі М.Искакова: “2022 жылғы 25 шілде-

ден бастап «Бастау Бизнес» жобасы шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне оқыту жаңа форматта қол жетімді болды. Өзі ісін бастауды жоспарлап отырған қазақстандықтар енді Skills.enbek.kz платформасы арқылы онлайн режимде бизнес жүргізу үшін базалық білім мен дағдыларды ала алатындығын атап өтті.

Топ мүшелері әрбір өтініштің назардан тыс қалмай, олардың оң шешілуі бойынша нақты жұмыстар жасалатындығын жеткізді.

Құқықтық кеңес берілді

“AMANAT” партиясының “Халыққа көмек” партиялық жобасы аясында, аудандық партия филиалының жылдық жоспарына сәйкес, бүгінгі күні Қаратау, Қарақұр ауыл округінде ауыл тұрғындарына кәсіпкерлік саланы дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар аясында құқықтық кеңес берілді.

Жиынның бастауы Қаратау ауыл округінен орын алды. “Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы” Созақ аудандық филиалының директоры А.Анарбаев және аудандық Халықты жұмыспен қамту орталығының бөлім меңгерушісі М.Искакова, “Жастар рухы” жастар қанаты Созақ аудандық филиалының төрағасы Е.Ержігітов бастаған топ мүшелеріне ауыл округі кәсіпкерлері мен шаруашылық иелері және кәсіпкерлікті жаңадан бастаушы азаматтар өздерінің көкейтесті сұрақтарын қойды.

Мемлекеттік бағдарламаларда болып жатқан соңғы жаңалықтар мен ақпараттарды тарқатып субсидия мен қайтарымсыз гранттың алу жолдары, жеңілдетілген пайызбен несие алу және Бизнесі басқарудағы қаржылық сауаттылықты арттыру, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді несиелердің алу жолдары толық түсіндірілді.

Business.enbek.kz порталында тіркеліп, Skills.enbek.kz платформасында онлайн оқу арқылы бизнес-жоспарын қорғаған аудан тұрғындарына облыстық микроқаржы ұйымынан жылдық 6% мөлшерлеменен несие рәсімдей алатындығы және кәсібін енді бастап жатырған азаматтарға қайтарымсыз грант иегері атануға мүмкіншілік бар екенін атап өтті.



Қарақұр ауыл округінде өткен кездесу барысында кәсіпкерлікті дамыту үшін мемлекеттік бағдарламалар арқылы берілетін жеңілдіктер және олардағы өзгерістер туралы кеңінен айтылды. Несие алу үшін жылжымайтын мүлік тігу үшін тұрғын үй құжаттарын қайта рәсімдеуге, өз кәсіптерін жаңадан ашқан кәсіпкерлерге құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында аудандық Кәсіпкерлер палатасы тарапынан қолдау көрсететіндігі айтылды.

Жиын соңында аудан кәсіпкерлері және шаруалардың ұсынысы мен өтініштері тыңдалып, жұмыс барысында шешімін табатыны жеткізілді.

Жаңа төраға сайланды

Түркістан облысы, Созақ ауданы «AMANAT» партиясы жанындағы “Жастар рухы” жастар қанатының жаңа төрағасы болып Ержігітов Ербол Мұхаметжанұлы сайланды. Жиынға “Жастар рухы” ЖҚ Түркістан облыстық филиалы төрағасы Жұман Жансерік Бауыржанұлы арнайы қатысып, жаңа төрағаны құттықтап, алдағы жұмысына сәттілік тіледі. Сондай-ақ, аталған жиынға аудандық



“AMANAT” партиясының Атқарушы хатшысы Сағындық Ернар Құралбекұлы қатысты. Ержігітов Ербол Мұхаметжанұлы 1990 жылы Созақ ауданында дүниеге келген. Аудандық “Value” волонтерлар ұйымының төрағасы. 2010 жылдан 2021 жылға дейін Созақ аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімде қызмет атқарған.

«Созақ үні»-ақпарат».

Ардақты аналар марапатталды

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылдың 20 маусымдағы Жарлығына сәйкес, Созақ ауданына қарасты Құмкент ауылдық округінде көп баланы дүниеге әкелген ардақты аналар Әділбекова Марал Күнтубайқызы, Нұрсейтова Әлия Мәлікқызы, Саулебаева Агерке Құрбанәліқызы “Күміс Алқа” алқасымен марапатталды.



Ауыл әкімі Ф.Пәрдебекұлы “Күміс Алқа” иелерін арнайы қабылдап, құттықтап, сый-сияпат жасап құрмет көрсетті. Сондай-ақ, ардагерлер кеңесінің төрағасы Есен Досболов ағамыз да аналарды құттықтап, ауыл жұртшылығы атынан, ардагерлер атынан жылы лебізін білдірді.

Туған жер тарихы-ұлы мұра

Өткен жұма күні Созақ аудандық Аманат партиясының “Жастар Рухы” Жастар қанаты мен “Жастар Ресурстық орталығының” ұйымдастыруымен тарихи жәдігерлерді насихаттау мақсатында аудан жастарына экскурсия жасалып, Созақ ауданы Абай ауылындағы тауға қашалып салынған таңбалы тастарды көрсетті. Гид ретінде “Созақ үні” газетінің жауапты хатшысы Мақсат Қарғабай мырза таныстырып өтті. «Таңбалы тас» туралы ғалымдардың деректерін келтіре отырып



кеңінен әңгімелеп берді. «Қазақ халқы ғасырлар бойы тарихи даму барысында көптеген әдет-ғұрпы, тілі, діні бір туыстас ру-тайпалардан құралып, халық болғандығы байқалады. Қасиетті «Таңбалы тас» - бабаларымыздың сан ғасырлық ұлтты қалыптастыру жолындағы қажымай-талмай күрескен ерлік ісінің жемісі», - деді Мақсат Қарғабай. Айта кетейік, «Таңбалы тас» тарихи ескерткіші 2008 жылы ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұра тізіміне, 2017 жылы Қазақстанның киелі жерлерінің географиясына енген тарихи құнды жәдігер саналады деп ұқтырды, экскурсияға барған жастар білмегені мен білгісі келген сұрақтарын қойды, шара соңында жастар ән айтып естелікке суретке түсті.

ӘДЕП ҚАҒИДАЛАРЫН САҚТАУ-

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ

Қолданыстағы мемлекеттік қызметшілерге арналған Әдеп кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар күшейе түсті. Осыған орай Созақ ауданы бойынша жергілікті атқарушы органдардағы әдеп жөніндегі уәкіл, аудан әкімінің аппарат бастышы Бакиров Ахат Әбдісамұлы сұхбаттасу алаңына шақырған едік.

-Ахат Әбдісамұлы! Бүгінгі тың сұхбатты мемлекеттік қызметшілерге арналған Әдеп кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар турасында бастасақ?

-Әдеп кодексі жалпы ережелер, мінез-құлықтың жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық және көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары деп аталған бес бөлімнен тұрады. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс. Осы жаңа заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызметшілер, оның ішінде басшы лауазымдарды атқаратындар, ұжымда өз діни көзқарасын ашық көрсете алмайды, бағынысты қызметшілерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлей алмайды. Қызметтен тыс уақытта мемлекеттік қызметшілер жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормаларын ұстанып, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге тиіс. Сонымен қатар басты мәселелердің бірі басшылар қарамағындағы қызметшілермен қарым-қатынас кезінде меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге, кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеуге тиістілігі көрсетілген. Көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның бұған уәкілеттік берілген лауазымды адамдары жүзеге асырады. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, пікір сайысты сыпайы нысанда жүргізуге тиіс. Әдеп кодексінің басты міндеті – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына



бағытталған іс-шараларды әзірлеу, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік әдепті сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау, әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін үйлестіру және мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Кодекс халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

-Әдеп кодексін сақтау - мемлекеттік қызметшінің міндеті атты бағытта атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтып өтсеңіз?

-Әдеп кодексі жалпы ережелер, мінез-құлықтың жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық және көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары деп аталған бес бөлімнен тұрады. Әдеп кодексінің басты міндеті – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды әзірлеу, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік әдепті сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау, әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін үйлестіру және мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Әдеп кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар күшейе түсті. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс. Қызметтен тыс уақытта мемлекеттік қызметшілер жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормаларын ұстанып, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол

бермеуге тиіс. Көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның бұған уәкілеттік берілген лауазымды адамдары жүзеге асырады. Кодекс халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен мінез-құлықтарына үлкен мән берілуде. Сондықтан, мемлекеттік қызметте үлкен жетістіктерді бағындыруды көздеген әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексін және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарының талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқаруы қажет.

-Азаматтық қызметшілердің қызметі әдебі кодексін бекіту туралы айтарыңыз бар ма?

-Азаматтық қызметшілердің қызметі әдебі кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 41-4) тармақшасына сәйкес әзірленген. Кодекс Қазақстан Республикасының азаматтық қызметшілері басшылыққа алатын қызмет әдебінің жалпы қағидаттары мен нормаларының жиынтығынан тұрады. Азаматтық қызметшілердің Кодекс ережелерін білуі және сақтауы олардың кәсіптік қызметі мен еңбек тәртібін бағалау критерийлерінің бірі болып табылады. Кодекстегі әдеп нормалары мен талаптары барлық азаматтық қызметшілер үшін міндетті болып табылады, олар қатаң сақталуға тиіс. Азаматтық қызметші азаматтық қызметке кірген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Кодекстің мәтінімен жазбаша нысанда танысуға тиіс. Азаматтық қызметші өз міндеттерін орындау кезінде мынадай қағидаттарды сақтауы қажет: Әділдік, адалдық және объективтілік, ұқыптылық, кәсіптік құзыреттілік, мінсіз мінез-құлық, ниеттілік, ақпараттың құпиялылығы. Азаматтық қызметшілерге қойылатын әдеп талаптары азаматтық қызметші өз қызметін жүзеге асыру кезінде 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасы Конституциясының, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, Қазақстан Республикасы заңдары-

ның және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын, сондай-ақ осы Кодекстің ережелерін қатаң сақтайды.

Азаматтық қызметшілердің осы Кодекстің ережелерін сақтауы аттестаттау, жоғары тұрған лауазымдарға ілгерілету кезінде ескеріледі.

-Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі шықты. Осы орайда кодекстің қызметі мен қоғам өмірінде ерекше рөлі қандай?

-Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығы негізінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі шықты. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі қоғам өмірінде ерекше рөл атқарады. Ол қоғамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуді және қоғамдық мүдделерді ең үздік және тиімді тәсілмен қанағаттандыруды білдіреді. Мемлекеттік қызмет қоғам мүдделеріне адалдық танытуға және Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тіл мен басқа тілдерге, Қазақстан халқының дәстүрлері мен ғұрыптарына құрметпен қарауға міндеттейді. Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде мемлекеттік саясатты ұстануға және оны дәйекті түрде іс жүзеге асыруға, қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылуы тиіс. Қоғам мемлекеттік қызметшілер өз міндеттері мен функцияларын заңдарға сәйкес барлық адал ниетімен құзыретті және тиімді түрде орындайды деп есептейді. Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебіне жоғары талаптар қояды.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі мынадай қағидаттарға негізделеді: адал ниеттілік – қоғам игілігі үшін мемлекетке кәсіби және жауапты қызмет ету, адалдық – өз міндеттеріне шынайы көзқарас, әділдік – жеке және заңды тұлғалардың, қоғамдық топтар мен ұйымдардың ықпалына қарамастан заңды шешім қабылдау және кез келген мән-жайлар бойынша біржақтылық пен субъективтілік себебінен адамдарды кемсітуге жол бермеу, ашықтық – жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсету және өз іс-қимылының ашықтығын қамтамасыз ету, сыпайылық – азаматтар мен әріптестерге дұрыс және құрметпен қарау, клиентке бағдарлану – мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халықтың сұраныстарына толықтай бағдарлай отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және жолданымдарды қарау кезінде төрешілдік көріністеріне және әуресарсаңға салуға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау.

-Осы тұста мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптарды да бір екішеп өтсеңіз?

-Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттары бойынша Мемлекеттік қызметшілерге мынадай талаптар қойылады:

Ауданымыздың кіре беріс қақпасына орналасқан Жартытөбе ауыл әкімшілігі табиғаты әсем көрікті жер. Теріскейге табан тіреген адам әуелі осында аялдап, мөлдір бұлағынан су ішіп, тұрғандарынан жөн сұрасып, өңірімізге қарай қадам басады. Одаман асуынан асқан бетте алдыңыздан самал жел есеп, тынысыңыз ашылып, рахат күйге енесіз. Бойыңызды ерекше сезім билеп қанаттандырады. Созақ ауданының адамдары міне осы жерге келгенде ерекше толқиды. Туған өлкенің таза ауасын, жусанының иісін құшырлана жұтады.

Осы Жартытөбе ауыл округінде небір жаны жайсаң жақсылар, жомарт жүректі азаматтар дүниеге келген. Солардың бірі-Есенсариев Ысқақ көкеміз. Ол осы ауыл округіне қарасты бұрынғы Үштөбе ауылында 1922 жылы дүниеге келген. Әкесі Қисықұлы Есенсары ескіше оқыған осы аймаққа белгілі молда болған кісі. Есенсары Бабатадағы медреседе сол кездегі атақты Әлкен дамылдан сабақ алады. Есенсары шәкірттердің арасында

сындатады. Көнекөз қариялар Есенсарының сөзге шешен, көп білетін азамат екендігін жиі тілге тиек ететін. Сонымен қатар, ол кісінің бойында суырып салма ақындық қасиеті де болған екен. Талай мәрте сөз сайысына қатысып, топты жарып жүлдегер атанған. Кезінде көп білетін, жан-жақты кісі ретінде танылған.

Осындай білімді, еңбекқор әкенің тәрбиесін алып өскен Ысқақ жастайынан оқу-білімге, еңбекке жақын болып ержетеді. Ол 1934 жылдан 1940 жылға дейін Ащысайда Нәлкен ағасының қолында оқиды. Нәлкен Жаңабаев сол кезде Ащысайда шахтер болып жұмыс істейді екен. Жастайынан еңбек етіп шыңдалған Ысқақ ағасының қасына еріп жүріп, 1940-41

лерінің сеніміне кіреді.

Ысқақ Есенсариев 1942 жылы Сталинград бағытындағы майданға келіп түседі. Ұлы Отан соғысында ұрысқимылы кезінде атты әскердің тиімсіздігі байқалып қалады. Сондықтан да Ысқақ артиллеристер құрамасына өтіп, сол құрамда соғысады. Майдан даласында алысқа атылатын зеңбірекерге ат жегіледі екен. Кескілескен соғыста Ысқақ Есенсариев осы бөлімде 1943 жылдан Орел, Сумский, Киев, Житгомридті жаудан азат ету ұрыстарына қатысып, талай мәрте қанды көйлек майдангер достарымен бірге ерлік үлгілерін көрсетеді. Жаумен бетпе-бет келіп, олардың талайының көзін жояды.



Ысқақ Есенсарыұлы соғыс кезінде

балаң елге аман-есен оралатын болды деп, құтты болсын айтып, қуанышқа бөленеді. Сондағы адамдардың ақ жүректілігіне таң қаласың. Жаралы болса да жауынгердің елге келгеніне шүкіршілік жасағаны той.

Ысқақ Есенсариев Ульяновский облысындағы госпитальде 7 ай емделіп жатады. 1944 жылы арнайы бөлінген екі медсестраның көмегімен елге оралады. Екі дәрігердің біреуі бір аптадан кейін қайтып кетеді. Ал, екінші Зина деген сестра екі ай бойы жаралы жауынгердің қасында болады. Ысқақ көкеміздің өзі жүріп тұруға жағдайы келген соң кейін ол қайтып кетеді. Ысқақ пен жұбайы Сәндікүл сол дәрігер қыздың қызметіне дән риза болады. Ри-

Қызметін елге

Ақыл-кеңесін айтып, тәрбиелейтін

Біздің ұстазымыз, бізді тәрбиелеген Есенсариев Ысқақ ағамыздың 100 жылдық мерейтойы жақындап қалған екен. Соған байланысты сол кісіден алған тәрбиемізді, өмірлік тәжірибемізді баяндап осы жазбамды жолдап отырмын.

Мен 1975 жылы Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтын бітіргеннен кейін бұрынғы Ленгір ауданы (Қазіргі Төлеби ауданы) Победа колхозында аға агроном болып жұмыс істеп, алты айдан кейін туған жерім Созақ ауданы Жартытөбе совхозына аға агроном болып ауыстым. Ол кезде Жартытөбе совхозының бас агрономы Есенсариев Ысқақ ағамыз болатын. Жалпы, Созақ ауданында екі үлкен егістігі бар кеңшар болатын. Оның біреуі-Жартытөбе кеңшары. Екіншісі-Құмкент кеңшары еді. Жартытөбе кеңшарында 4900 гектарға тақау масақты дақыл егетін тәлімі жерге 5000 гектарға екпелі жоңышқа егетін. 120 гектар жерге жүгері егілетін. 30 гектардан астам жерге көкөніс бақша дақылдары егілетін.

Есенсариев Ысқақ ағамыз мен аға агроном болғаннан кейін қабылдап, пікір алысып, совхоздың көлеміндегі мәселелерді түсіндіріп, ауыл шаруашылығына қатысты бағыт-бағдар берді. Ол кісі ешкімнің намысына тимейтін, адамдарға өзінің ақыл-кеңесін айтып тәрбиелейтін.

Мен ол кісіден ұстаз ретінде көп тәлім алдым, тәрбие алдым. Соның бәрі менің болашақта жұмыс істеуіме пайдасы тиді гой деп ойлаймын. Өздеріңіз білесіздер мен сол совхоздың агрономынан бастап ауданның әкімі болып 10 жыл қызмет жасадым. Ол кісіні ешқашан естен шығарған емеспін. Шаруашылықтағы ұстазым ретінде ол кісінің есімі естен шықпайды.

Есенсариев Ысқақ ағамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Жаны жәннатта болсын. Бұл кісінің баласы Рысбай бізбен бірге өсті. Ағайындары, туған-туыстарына ұзақ гұмыр тілеймін. Олар Жартытөбе совхозына үлкен еңбек еткен азаматар. Оларға бақытты гұмыр тілеймін.

Есенсариев Ысқақ ағамызға арнап беріліп отырған ас қабыл болсын.

Созақбай ӘБДІҚҰЛОВ,
Созақ ауданының Құрметті азаматы.

алғырлығымен, ұғымталдығымен ерекше көзге түсіп, оқуды тез меңгереді. Талай шәкірттерді тәрбиелеген дамылдан алғыр жастың оқуға деген ерекше ықыласына риза болады. Болашақта алған білімінің нәтижесін көрсететін азамат болатынына сенеді. Қатарларынан озып келешегінен мол үміт күттіреді. Расында атақты дамылдан сабақ алған Есенсары төңкерістен кейін ликбез, төтенше оқу шыққанда ауылдағыларды оқытып, хат танытады. Елді сауаттандыру жұмысына бөлсене кіріседі. Ұстаздық етіп талай шәкірттің көзін ашып, сауаттандырады. Бойындағы дамылдан алған білімін жастардың санасына құяды. Сөйтіп ауылдастарын білім нәрімен су-

жылы шахтер болып еңбек жолын бастайды. Осында жүріп шахтер еңбегінің қыры мен сырына қанығады. Әрине шахтер еңбегі оңай болмайтын. Көзбен көріп, ауыр жұмысқа біртін-біртін үйрене бастайды. Ағасы Нәлкеннің ақыл-кеңесін алып, еңбекте шыңдалған Ысқақ ел басына күн туған 1941 жылы өз еркімен сұранып майданға аттанады. Өрімдей жас жігіт әуелі Жамбыл қаласында атты әскер құрамында сегіз ай дайындықтан өтеді. Өзі құралпы жастар арасында ол саяси сауатты, жан-жақты азамат ретінде танылады.

Оның үстіне ауылда өскен Ысқақ әскери бөлімдегі аттардың жай-күйін, баптау тәсілдерін жақсы біледі. Осы қасиетімен ол командир-

Майдан даласында көрсеткен ерлік істері үшін талай мәрте мемлекеттік марапаттауларды иеленеді.

Батыр артиллерист ретінде әскери бөлімдегі майдандастары Ысқаққа үлкен құрмет көрсетеді. Жастық жалынды шақтарын ел қорғауға арнаған жауынгерлердің ерлік істері ешқашан ұмытылмақ емес. Олар жасаған жауынгерлік ерлік істері бүгінгі ұрпақ жадында мәңгі сақталады.

Кезінде Есенсары ата мен Тотай, Кенжекүл әжелер айтып отырады екен: Үш бірдей бала соғыста. Үлкені Нәлкен Жаңабаев-артиллерист, герман-жапон соғысына қатысқан. Онан соң Ысқақ, ең кішісі Смағұл-снайпер, герман-жапон соғысына қатысқан. Заманның қиын кезі, өмір мен өлім алмасып жатқан соғыс. Ауылдағылардың уайымы мен тілер тілегі осы үш баланың жайы, олардың елге аман-есен оралуы болатын деп.

Нағашыларында «Айқайлауық кемпір» атанған Манат деген әжелері болған екен. Жасы келіп, әбден қартайыпты. Жарықтық бүкірейіп жүретін мейірімді, жылы жүзді кісі болыпты. Бақсылығы бар, көріпкел, ерекше қасиетке ие өтіп кісі екен.

Ол кісі арқасы ұстағанда киіз үйдің желбауынан ұстап секіріп барып, шаңырақтың үстіне шығып айқайлап отырады екен. Сол себепті ол «Айқайлауық кемпір» атанса керек. Манат әже-Есенсары үш балаң да аман жүр, елге аман-есен оралады. Ысқақның астында қара қасқа бие елге соғыстан әйел әкеледі,-дейді екен. Сол кісінің айтқаны келіп, үшеуі де елге аман-есен оралды.

Кезінде ешкім мән бермеді, оны арнайы зерттеген маманғалымдар да болған жоқ. Осындай ерекше қасиетті бар кісілер өмірден елеусіз ғана өтіп кетті.

Смағұл көке айтып отырды екен. Манат әженің арқасы ұстағанда үйге көршілерді жинап алып бақсы ойнайды екен. Манат әже ошаққа салып қойған пышақтар әбден қызып қып-қызыл болған шақта, жиналған адамдардың қолына «дақ салма» деңдер

деп, жаңағы пышақтарды қолдарына басады екен. Көкелердің көбісі комсомол. Сондықтан олардың бірі-айтайық, енді бірі-айтпайық деп келісіп алады екен. Сонда дақ салма дегендері аман, оны айтпағандарының алақаны күлдіреп күйіп қалушы еді деп көз көргендер еске алып отыратын.

1943 жылы желтоқсан айында біреуді біреу біліп болмайтын үлкен шайқаста Ысқақ Есенсариев ауыр жақарақ алып госпитальға түседі. Алғашқы айларда ол кісіден хат-хабар келмей қалады. Құдайдың құтты күні біреулерге қара қағаз, қаралы хабар келіп ауыл азан қазан шулап, жылап-сықтап жатады. Ауылдағы ата-аналар қатты уайым шегіп, бойларын қорқыныш билеп,

за болғаны сонша дүниеге келген қыздарының есімін Зина деп қояды. Екіншісі ол қыз өмірден ерте озып кетті.

1945 жылы Ысқақ еңбек озаты атанған коммунист, Стахановшылар қозғалысының 9 мәрте жүлдегері болған Сәндікүл Шойтанқызына үйленеді.

Ысқақ Есенсариев Шымкент қаласындағы екі жылдық басшы қызметкерлер дайындайтын оқуды бітіріп келген соң, туған ауылындағы фермаға меңгеруші болып тағайындалады.

1952 жылы үш колхоз ірілендіру саясатымен біріктіріледі де осы үлкен Сталин атындағы колхозға Ысқақ Есенсариев басшы болып тағайындалады. Оның орталығына қазіргі Аққолтық таңдалады. Осы іске Ысқақ



1956 жылы, шаруашылықтың барлық салаларында социалистік міндеттемесін асыра орындаған мына колхоздар аудандық құрмет тақтасына жазылады.

1. «ТАЛАНТЫ» КОЛХОЗЫ (председатели Айшин, партия ұйымының секретары Әбілдаев жолдастар).
2. СТАЛИН АТЫНДАҒЫ КОЛХОЗ (председатели Есенсариев, партия ұйымының секретары Төлендиев жолдастар).
3. «ҚЫЗЫЛТУ» КОЛХОЗЫ (председатели Есжанов, партия ұйымының секретары Көпеев жолдастар).
4. ҚҰЙБЫШЕВ АТЫНДАҒЫ КОЛХОЗ (председатели Абдраманов, партия ұйымының секретары Бокашева жолдастар).

1956 жылы, мал басын өсіре отырып, оның өнімділігін арттыру және жер өңдеу, астықтың түсімділігін арттыру істерінде социалистік міндеттемелерін асыра орындаған мына шопандар мен механизаторлар және өндіріс бригадирлері аудандық құрмет тақтасына жазылады.

1. СТАНЦУЛОВ РЫСБЕК (Қуйбышев атындағы кол-

тағатсыздана майдандағы ұлдарынан хат күтеді.

Ысқақ госпитальде есін жиған соң болған жайды айтып елге хат жазады. Ауыр жараланып жатыр дегенді естіп, ауыл адамдары енді

Есенсариев басшылық жасайды. Жаңа жерден бой көтерген Аққолтыққа сіңірген еңбегі үшін Ысқақ Есенсариев құрмет тақтасына иіледі. (Материал сол кездегі аудандық газеттен алынды).



Қызмет еткен жылдардан

тар да сосын ауылға кетті.

Ысқақпен бұрыннан жекжаттығымыз бартын. Сіңлімді інісі алды. Арақатынасымыз жақсы өмір сүрдік. Ысқақтың әкесі молда, көзі ашық Есенсары деген кісі еді.

Ол Ысқақты Шымкентке өкімет болатын оқуға оқытты. Бітіріп келгеннен кейін ол колхоз бастық болды. Төрт колхозды қосты. Жаңа тілек, Үштөбе, Сталин, 1 Май колхозы болып бірікті. Ол колхоз миллионер колхоз болып аталды. Ысқақ сол колхозға бастық болды. Сол қызметті, әлшамасының келгенінше істеді. Істеген жұмысын

көбісін ұмытып қалдық қой. Бұл кісі де, сиыр ауылда кигіз үймен отыратын. Сол кезде бала кезіміз. Ешкі ауылға барып, сүтін сеператордан өткіземіз.

Ысқақ көке мені шақырып алып: -Әлімжан қарағым, атқа мініп, анау үй, мынау үйлерді шақырып келші балам. Нәрестелі болып едік соған шілдеханаға-деп жұмсағаны есімде. Ең алғашқы Ысқақты көргенім сол.

Содан кейін отбасымен Шымкентте пәтер жалдап, екі жыл оқып келді. Оқу бітіріп келгеннен кейін сол кезде Миллионер колхозының төрағасы Айқожаев Бұзау деген кісі болатын. Бұл кісі оқу бітіріп келгеннен кейін колхоз басқармасының орынбасары болып қызмет атқарып жүрді. Кейін

заман талабына сай оқыған адам басшы болсын деген нұсқаумен Ысқақ колхоз төрағасы болып, Бұзау орынбасары болды. Ең бірінші рет сол кезде Ысқақ қызметтік «Победа» автокөлігін мінді. Сол кезде колхоздың егіні бітік болды. Қой, ешкіден де төл мол алынды. Сөйтіп Ысқақ Есенсариевті облыстық кеңеске депутат етіп сайладық.

1957 жылдың аяғында колхоздардың бәрі совхозға айналып кетті. Біздің колхоз Калинин атындағы совхоздың бір фермасы болып қалды. Сол кезде бұл кісі егіс бригадирі болып істеді. Кейін оны «Октябрь» (қазіргі Абай ауылы) фермасына ферма меңгерушісі етіп жіберді.

1962 жылы Жартытөбе де-

ген совхоз құрылды. Сол кезде Ысқақ Есенсариев совхоз жұмысшылар комитетінің төрағасы болып қызмет істеді. Кейін совхоздың бас агрономы болып тағайындалды. Бұл қызметті ол кісі өмірінің соңына дейін атқарды.

Ысқақ Есенсариевтің қарамағында көп жыл колхозшы, механизатор, жұмысшы болып істедім.

Қанша жыл ол кісімен бірге қызмет еткен кезімде қатты ашуланғанын көрген емеспін. Әйтеуір сыпайы жүретін. Мемлекеттің жұмысына берілген азамат еді. Кіммен болса да жылы сөйлесіп, бірқалыпты жүретін.

Алматыда Ысқақтың баласы Рысбай ауылшаруашылығы институтын бітіріп, кандидаттық қорғап, осында қалып қызмет жасауда. Егемендік алған кезде бизнестің алғаш көзін тапқан азамат. Бизнесте өзінің бауырларына оның көмегі көп тиіп келеді. Ауылдың басқа азаматтарына да көмегін тигізіп жүр.

Білгеніңізді, әкем туралы айтып беріңіз дегеннен кейін осы жоғарыда айтылған жайларды айтып отырмын.

Есенсариев Ысқақ ағамыз жақсы кісі еді. Балаларымен балаларымыз сыйласып жатыр. Перзенттері балалық міндетімізді атқарамыз деп Ысқақтың 100 жылдығына ас береміз деп ниеттеніп жатыр. Ниеттері қабыл болсын,-деді.

Ел-жұртына адал қызмет еткен Ысқақ Есенсариев жұмыс барысында кездескен қиындыққа мойыған жоқ. Ауылды көріктендіру, көркейту ісіне белсене араласты. Жартытөбе ауылын жасыл желекке айналдырды. Аталған шаруашылық егіс егуден де аудан көлемінде алдыңғы орындардан түскен жоқ. Барлық адамның көңілін таба білетін іскер азамат өзінің еңбекқорлығы арқасында құрмет пен абыройға бөленді.

Мақаланы жазу барысында ол кісінің көзін көрген, кезінде бірге қызмет істеген кісілермен әңгімелескенімізде Ысқақ көкеміз жайлы жылы лебіздер айтып, ол азаматтың жасаған жақсылықтарын тілге тиек етті. «Таулар алыстаған сайын биіктей түседі»-дейді. Сол айтқандай-ақ елге қызмет жасаған Ысқақ көкеміздің азаматтық бейнесі жылдар өткен сайын биіктей беретіні анық.

Ысқақ Есенсариев көкеміздің тәрбиесін алып өскен перзенттері де қазіргі таңда елге танымал азаматтар. Олардың да өнегелі істерін ауылдастары мақтаныш тұтады. Әкелерінен алған тағылымды тәрбиенің негізін бойларына сіңірген олар да қазіргі күндері бір-бір шаңырақтың иелері.

Қасиетті Жартытөбенің киелі топырағын жамылып, оның төрінен мәңгілік мекен бұйырған Ысқақ Есенсариев туралы, оның жоғары адамгершілігі мен тек ел кесегесін көгертуді ойлап тер төккен бейнетке толы адал еңбегі жайлы әлі де талай-талай әсерге толы естеліктер жазыла беретініне күмән жоқ.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

арнаған азамат

Созақ ауданында ең алғашқы қызметтік (Победа) автокөлігін мінеді.

1957 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы еңбекшілер советінің депутаты болып сайланады.

Шашыраңқы отырған елді біріктіру барысында үлгілі іс атқарған, ұйымдастыру саласында жақсы істерімен көзге түскен Ысқақ Есенсариев «Октябрь» колхозына төраға етіп жіберіледі. Сол жерді мекен еткен халықты бір орталыққа біріктіріп, қазіргі Абай ауылының негізін салады. Ысқақ Есенсариевтің еңбегін Абай елді мекенінің көне көз қариялары қазіргі кезге дейін ауыздарынан тастамай айтып отырады.

Ысқақ Есенсариев 1960 жылы Алматыдағы ауылшаруашылығы институтын сырттай оқып бітіреді. Жартытөбе совхозында кіші агроном болып қызмет істейді. 1963 жылы жұмысшылар комитетінің төрағасы болып сайланады.

1968-85 жылдары өмірінің соңына дейін Жартытөбе совхозында бас агроном болып қызмет істейді.

Ұлы Отан соғысы және еңбек жолында орден, медальдармен, алғыс хаттармен марапатталған. Сәндікүл әже қазір 100 ге келді. Есенсариевтер әулетінің ұйытқысы, ақылшысы, тілекшісі болып отыр. Ысқақ көке мен Сәндікүл әжеден 5 ұл, 2 қыз бар. Солардан тараған немерелері-25, шөберелері 29, шөпшек-2 ге жетті.

Сәндікүл әже бүгінгі жеткен жетістігіне риза, тәубе деп отыр.

Замандасы, Шолаққорған ауылының тұрғыны Ұрхан апа айтады:

-1958 жылы 7 жылдық Жыныс мектебіне Қаппар директор болып келді. Сөйтіп ол жерде бір жылдан аса тұрдық.

1959 жылы мектепті Абайға көшірді. Біз сонда көшіп бардық. Сол кезде Абайға Ысқақ Есенсариев басқарма болып келді. Сол елді мекенде бәріміз бірге қызмет жасадық. Содан сол жерде 2-3 жыл қызмет еттік. Бізді Бабатаға ауыстырып, сонда көшіп кеттік. Ысқақ

жақсы атқарды. Одан кейін совхоз болды. Совхоз болғанда ауыл шаруашылығы институтын бітіріп келген екен. Сосын егіс жағына бастық болды. Сөйтіп жан аямай қызмет істеді. Масақ тердік. Жақсы істегеннің арқасы болуы керек. Теріп алып келген бір қап картошканды төктіріп, совхозға алып кетті. Өле-өлгенше сол қызметті істеп аянған жоқ. Содан Еген де қайтыс болып кетті. Ысқақ та қайтыс болып кетті. Екеуі де жақсы қызмет істеді. Балашағалары өсіп, өнді, көркейді. Балаларының бәрін оқытты. Өмірінің соңына дейін Жартытөбе совхозының бас агрономы болып қызмет етті. Ысқақ жұмысын жақсы істеп кетті. Ысқақ жайында есте қалғаны міне осылар,-деді.

Әлімжан Өміров ауылдасы, замандас інісі:

-Мен Есенсариев Ысқақты 13-14 жасымнан білемін. Бұл кісі бұрынғы Майлы колхозының уақытысында Үштөбе деген колхоздың мүшесі болатын. Есенсары деген кісінің Ысқақ, Смағұл, Мәлкен деген үш баласы болған. Соның ішінде колхозда істегені Ысқақ еді.

Сол 1952-53 жылдардың шамасы болуы керек. Қазір



Ы.Есенсариев отбасымен бірге

Өшпес із қалдырды

“Әуелі көріс, одан кейін біліс” деген екен атам қазақ. Мен ағамызды асқар Алатау тауға төнеп, өзі қызмет еткен жылдарды, бірге жүрген күндердің естеліктерін жетпістің шыңына шығып, сексенді алқымдасам да әлі ұмыта қоймадым. Біз ағамызды білікті басшы, үлгілі отағасы, мейірімді жан ретінде танимыз. Ағамыз бізге, кейінгі толқын иілерге үлгі болып, қызметте де, өмір иірімдерінде де жол көрсете білді. Қиын-қыстау заманда кәсіби біліктілігімен, көкірегі ояу азамат ретінде қызметке үлкен жауапкершілікпен қарап, өзі істеген саланы дамыта, көркейте де білді. Сол кездің заман талабынан асыра, табандылық пен еңбекті жұмыста, қызметте пайдалана білді. Маман ретінде, қоршаған ортасына пайда келтіріп, артындағы ұрпаққа өшпес із қалдырды. Мұның әріптестері, көзін көрген замандастары дәлелдей де, нақтылай да алады. Механизатор мамандарымен тікелей бірге араласып қызмет жасаған.

Егіс көлемін ұлғайтуға айтарлықтай үлес қосты. Ауданда жарамды жер қоры 30 мың га болса, Жартытөбе совхозында 9000 га жер болды, сол жерлерді жылдан-жылға тиімді пайдаланып, соңғы жылдары 4000 га, 4500 га жерді егіске айналдырды. Бұл көрсеткіш өзінің кәсібіне деген тазалығын көрсетіп тұр.

Механизаторлармен жұмысты ұйымдастыра білді. Механизатор дұрыс жұмыс жасамаса, егістікте өз дәрежесінде болмайтыны анық. Солардың тілін тауып, бір кісідей жұмылдырып, уақытысында науқанды аяқтап отырды. Секеннің жарқын бейнесі әлі көз алдымызда тұрғандай.

Сержан ЭЛТЕКҰЛЫ,

Созақ ауданының Құрметті азаматы.
Шымкент қаласы.

Аудан әкімі облыстық мәслихатпен келісілген кестеге сәйкес, ағымдағы жылдың 28-29 шілде күндері Шу, Тасты, Қыземшек, Жуантөбе ауылдарында халықпен есепті кездесулер өткізді

Жалпы 4 ауылдық округтерде өткен жиындарға 570 адам қатысты. Олар негізінен жол, денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс саласы мәселелерін көтерді. Жиынға ауыл тұрғындары мен аудандық мекеме-

лер, тиісті бөлім басшылары, құқық қорғау органдарының басшылары, БАҚ өкілдері қатысты. Жиын соңында аудан әкімі М.Тұрысбеков прокуратура, ішкі істер органдарының басшылық құрамымен,

мәслихат депутаттарымен, қоғамдық кеңес мүшелерімен, жергілікті зиялылармен бірлесіп, азаматтарды жеке қабылдаулар өткізді. Жеке қабылдауда 18 адам болды. Олар: жұмыссыздық, жер, тұрғын үй,

жол салалары мәселелерін қозғады. Жеке қабылдау барысында: азаматтарға заңға сәйкес тиісті жауаптар беріліп, проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді.

Аудан әкімінің халықпен кездесу барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары

Қ/с	Проблемалық мәселелер	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4
Шу ауылдық округі			
1	Ауылдық мәдениет үйінің шатырын жөндеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру	Қазан 2022 жыл	Қ.Оразов, Н.Балаубекова, Д.Досымбеков
2	Тәуке хан және Б.Серікбаев көшелеріне аяқ жол салуды ұйымдастыру	Қыркүйек 2022 жыл	А.Сатыбалды, Д.Досымбеков
Тасты ауылдық округі			
1	Демеушілік тарапынан ауылдық ауруханаға жедел жәрдем көлігін алып беруді ұйымдастыру	Жыл ішінде	Қ.Оразов, А.Сатыбалды, Б.Мырзагелдиев (келісімі бойынша), М.Тілеулинов
Қыземшек кенті			
1	Кенттің 20-21 және 9-16 үйлерінің ауласына балалар алаңшасын құру жұмыстарын ұйымдастыру	Жыл ішінде	А.Сатыбалды, Е.Жұмабаев
2	Кентте орналасқан аялдамаларға жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру	Тамыз 2022 жыл	А.Сатыбалды, Е.Жұмабаев
3	Мәдениет үйіне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру	Жыл ішінде	Қ.Оразов, Н.Балаубекова, Е.Жұмабаев
4	Таңбалы тас, Көкөрай және №2 саяжай көшелеріне асфальт жол төсеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру	Жыл ішінде	А.Сатыбалды, Д.Байзақов, Е.Жұмабаев
Жуантөбе ауылдық округі			
1	Абылай хан және Қазыбек би көшелеріне жарықтандыру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру	Жыл ішінде	А.Сатыбалды, Д.Байзақов, Ф.Жүсіп (келісімі бойынша), Д.Абраев
2	Жуантөбе ауылындағы жаңадан салынып жатқан әкімшілік ғимаратын пайдалануға беру жұмыстарын ұйымдастыру	Қазан 2022 жыл	А.Сатыбалды, Ж.Борсабаев, Д.Абраев
3	Әйтеке би көшесіне асфальт жол төсеу жұмыстарын ұйымдастыру	Қыркүйек 2022 жыл	А.Сатыбалды, Д.Байзақов, Д.Абраев
4	Қазыбек би, Қожақ Омарұлы және Әжібай Жақсыбайұлы көшелеріне орташа жөндеу (қиыршақ тас) төсеу жұмыстарын ұйымдастыру	Қыркүйек 2022 жыл	А.Сатыбалды, Д.Байзақов, Д.Абраев

БЖЗҚ

5) Мен өмірден озып кеткеннен кейін жинақтарым жай ғана “күйіп кетеді” деп алаңдаймын. Ал оны жалғыз ұлыма қалдырғым келеді. Айтыңызшы, адам қайтыс болғаннан кейін зейнетақы жинақтары не болады?

“Қазақстан Республикасында зейнетақымен қам-

жерлеуге арналған біржолғы төлем төлейді, ол республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, бірақ жеке зейнетақы шотындағы (ЖЗШ) қаражаттан аспайтын мөлшерде белгіленеді.

Егер жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылғаннан кейін алушының

Сұраңыз, жауап береміз

сыздандыру туралы” Заңның (бұдан әрі – заң) 31, 32 және 33-баптарында міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, оның зейнетақы жинақтары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады деп айқындалған.

Бұдан басқа, заңның 50-бабы 5-тармағының ережелеріне сәйкес алушы, сондай-ақ, зейнетақы жинақтары бар және жалпыға бірдей белгіленген зейнетақы жасына толмаған адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға БЖЗҚ тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 52,4 еселенген мөлшері шегінде

ЖЗШ-сындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен аспайтын соманы құраған жағдайда, бұл қалдық жерлеуге арналған төлем ретінде төленеді.

Төлем түріне, оларды БЖЗҚ-ға беру тәсіліне (өзі келгенде/пошта байланысы құралдары/үшінші тұлға арқылы жүгінген кезде) байланысты қажетті құжаттардың өзекті тізбесі, оларды ресімдеуге қойылатын талаптар, сондай-ақ, өтініштер бланкілері және төлем валютасының түріне қарай оларды толтыру үлгілері, сенімхаттар үлгілері, БЖЗҚ-мен байланыстар Қордың мына мекен-жайы бойынша орналасқан: www.enpf.kz.

«Сөзәқ үні»-ақпарат.

Қоғамдық келісім

Этносаралық татулық-берік ұстаным

Қазақстан шаңырағының астында ұзақ жылдар бойы жүзден астам этнос тату-тәтті өмір сүріп келеді. Мемлекетіміз қанша уақыттан бері достық пен бірлікті ту етіп, ортақ мүддеге жұмылдырып, олардың ортақ Отаны бола алып отыр. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап, күні бүгінге дейін еліміз мемлекет үшін ең маңызды этносаралық татулықты, конфессияаралық келісімді, өзара түсіністік пен тұрақтылықты, достықты өзіндік ұстаным етіп өмір сүріп келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев елімізде бірлік пен тұрақтылықты сақталуына айрықша мән береді. Мұны Президентіміздің жыл сайынғы Жолдауларынан аңғаруға болады. Яғни, өзінің Жолдауларының барлығында әрқашан да елдегі ұлтаралық және конфессияаралық тұрақтылықты сақтап қалудың маңыздылығын айрықша атап өтіп отырады. 2021 жылдың 1 қыркүйегіндегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауында «Этносаралық қатынастардың үйлесімді дамуы Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты бағытының бірі болған, әрдайым солай болып қала береді» деп нақты атап көрсетті.

Мемлекет еліміздегі барлық этностардың өздерінің ұлттық тілі мен әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, мәдениетін дамытуға деген ұмтылысын, ынтасын байқап, барлық қажетті жағдайлармен қамтамасыз етіп қана қоймай, ұдайы қолдап отырады. Мемлекеттің елімізде нәсілдік, этникалық, тілдік, діни және өзге де белгілеріне байланысты кемсітуге жол бермеу туралы нақты ұстанымы Конституцияда шегенделген.

Тәуелсіздіктің 31 жылында елімізді мекен еткен барлық халықтың арасындағы этника-аралық келісімді, дінаралық ауызбіршілікті сақтай алдық. 1995 жылы Қазақстан Халқы Ассамблеясының құрылуы ұлтаралық



жағдайдың дұрысталуына айтарлықтай үлес қосты. Бұл консультативтік кеңесші органның арқасында этносаралық және конфессияаралық келісімнің стратегиялық бағдарламасы жүзеге асты. 2007 жылдан бастап Ассамблеядан Парламент Мәжілісіне депутаттар сайланып, бұл сарабдал саясаттың үдесінен шығуға өз үлестерін қосып келеді.

Әлемдегі түрлі шиеленістер мен толқулардың себебі этностар арасындағы өзара түсіністіктің жоғынан пайда болып жатқанын ескерсек, еліміздегі тұрақтылық пен ауызбіршіліктің қадірін түсінеміз!

Еліміздегі жалпыұлттық бірлік пен қоғамдық келісімнің арқасында мемлекетіміз дамыған 30 елдің қатарына еруге талпынып, қарқынды дамып келеді. Жыл сайын ішкі жалпы өнімнің үлесі артып, зейнетақы мен әлеуметтік жәрдемақылар еселеніп көбейіп, халықтың өмір сүру деңгейі көтеріліп жатқаны өздеріңізге мәлім. Бұл – еліміздегі тұрақтылықтың арқасы! Тура осы рухта жалғастыра берсек, Тәуелсіз Қазақстанымыздың болашағы жарқын болары сөзсіз.

Жандос НАРГОЗИН,
аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы.

Заңдылық жауапкершілікпен айқындалады

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік бағдарлама жасап оны іске асыру жөнінде алдағы жылдарға іс шаралар жоспары жасалынған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік шаралар ұйымдастыру мемлекетіміздің құқықтық, әлеуметтік, экономикалық саяси дамуы мәселелерін кең ауқымда шешуге бағытталғаны анық. Мемлекеттік бағдарлама «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындаудың біріңғай механизмін қалыптастыру, барлық мемлекеттік органдардың іс әрекеттерін үйлестіру мен Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын оның басымдықтарын іс жүзіне асыру үшін жасалған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның міндеттерін нақтылау мен шектеу саласында мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер ететіні сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық-елеулі зардаптарға әкеліп соқтыратын қауіпті жағдайлардың бірі. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, мемлекеттік қызмет туралы заңдылық талаптарын іс жүзіне асыру мемлекеттік қызметкерлердің тәртібін нығайтуға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес науқандық жұмыс емес. «Жемқорлық-індет, оны жою міндет», демекші, жемқорлыққа қарсы күрес қоғамымызда бір сәт те таластамауы керек. Бұл күрделі жұмысқа құқық қорғау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі бақылаушы органдар мен қоғамдық ұйымдар, бүкіл халық болып белді бекем буып білек сыбана араласу қажет. Біздің міндетіміз мемлекет өмірінің барлық салаларындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Азаматтардың құқықтық білім деңгейін көтеріп, билікке деген сенімді нығайтып, жеке меншікті әсіресе шағын және орта бизнесті дамытып, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты нығайтып, бюджетке барынша пайда келтіру мақсатында бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел ырысын ысырап қылар ынсапсыздыққа ырық бермей отырасақ игі іс болар еді.

Зиба ИБАХОДЖАЕВА,
Аудандық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары.

Жемқорлық қоғамның жегі құрты

Сыбайлас жемқорлық заңда қарастырылмаған жеке немесе дәнекерлер арқылы мүлктік игілікке және мемлекеттік функцияларды атқаратын басымды тұлғалардың және де соларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымдық дәрежелерін қолдана отырып және де лауазымының мүмкіндіктерін өз мүддесіне қолдана отырып мүлктік табыс алу үшін жасалынатын қадамдар Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы салық органдарына аса маңызды құжат екені дәлелсіз. Жемқорлық- қызметтік лауазымды пайдалана отырып оны жеке мүддеге пайдалану.

Сыбайлас жемқорлықтың зардабы мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне, ұлттық қауіпсіздікке, сызат түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамдық демократия мен заң мен әділдікке деген сенімді жоғары қойып күресе білуі керек.

Жемқорлық, әсіресе мемлекеттік органдарда қауіпті. Тәжірибе көрсеткендей, жемқорлық мемлекеттік басқару жүйесін бұзады, экономиканың дамуына шектеу қояды, әсіресе экономика саласында ұйымдасқан қылмыстың өсуіне мүмкіндік береді, алайда көп жағдайда азаматтардың өзі лауазымды қызметкерлердің осындай қадамға баруына себепші болады. Сондықтан да, заң бойынша «алушыға» ғана емес «берушіге» де жауапкершілік артылған.

Жалпы сыбайлас жемқорлық пен күрес ең әуелі жоғары жақтан басталуы керек іс. Себебі, бұл шырмауық секілді шырмауық, бір-біріне байланысып қалған қауіпті шырмауық тәріздес, оны ортасынан үзіп тастап отырсаң да түбінен қайта түлеп шыға береді, сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізуде нәтижеге қол жеткізу үшін түп-тамырымен қопарып тастауға күш салу керек-ақ. Сонымен қатар, қоғамдық сананы да өзгертпесе болмайды.

Батырхан АЯПОВ,
Созақ ауылдық округінің әкімі.

Жұмақтан болсын мекенің...

Шолаққорған ауылының тұрғыны, ардақты ана, аяулы жар, асыл әже, қимас бауыр болған **Ахметова Орынкүл Қасенқызы** анамыздың өмірден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

Ұл-қызыңа қадірлі едің ардақты,
Жан анамыз құрметті де салмақты.
Нұрлы бейнең жүректінде сақтаулы,
Жан едің сен өнегелі жан-жақты.
Ұмытпаймыз ана сізді мәңгіге,
Таусылмайды өзің жайлы әңгіме, - дей келіп, анамыз Орынкүл Қасенқызының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 14 тамыз күні (13 тамыз – қонақ асы) Шолаққорған ауылы, Жайшыбеков көшесіндегі өз шаңырағында күндізгі сағат 12:00-де беріледі.

Асқа шақырушылар: ұл-қыздары, бауырлары, немерелері.



Туған жер-алтын бесігім

Қарт Қаратаудың етегінде Қозмолдақ ауылында дүниеге келіп өз ауыл аймағының адал перзенті болып, өз заманына лайық өмір сүріп жақын жұрағат демей, ешкімді бөлектемей, қолынан келгенінше жақсылық жасаумен өткен артында жақсы кісі еді деген атқа ие болып, көзден кетсе де көңілден кетпейтіндей жақсы нақыл сөздерімен істерін қалдырған Исатай Күзембайұлы жақын туыстары мен жамағаттарының естерінде мәңгіге сақталады деп сенемін.

1922 жылдың 9-шы мамырында өмірге келген Исатай Күзембайұлы жастайынан еңбекқор болып өсіп, елі үшін ұлы отан соғысына қатысып, еліне жеңіспен оралып, отбасын құрап, өмірге 8 ұл, 3 қыз әкеліп, барлығында аяқтандырып немере-шөбере сүйіп, ауыл-аймағының абыройлы ақсақалы болып бақилыққа аттанған.

Үлкен ұлы Төлен Исатайұлы Сызған совхозында басшылық қызметтер атқарып, кейін ауылдық округінің әкімі болған. Басқа да ұл-қыздары өмірден өз орындарын тауып өз қалауларына бақытты өмір сүруде. Сондай-ақ Исатай көкемізге жеңгелерінің қойған аты «Ақбала» - еді, ойлап қарасақ, ол ат көкеміздің бала кезінен кіршіксіз адалдығы мен тазалығына арнап қойылған екен. «Жақсының жақсылығын айт мерейі тасысын» демекші Исатай көкеміз менің әкем Мұқанбек Қамбарбекұлымен бірге Ұлы Отан соғысында бірге болып, соғыстан келгеннен кейінгі өмірлерінің соңына дейін ағалы-інілі болып бірге жүріп сыйласумен өтті. Өміріндегі адал жұбайлары Сырға апамызбен Сафура апамыздың көкемізбен сыйластықтары, ынтымақ, ауыз бірлігіне ұл-қыздарына үлгі өнеге, жақсы өмір сүрулеріне жол көрсетуде: - үлкен ұлы Төлен ағамыздың баласы Нұрлан мен қызы Әлия Таукент кентінде әкімшілікте қызмет істесе, Анарбай ағаның қызы Мақпал кәсіби білім алу жұмысының басшысы қызметінде, Сембай ағаның ұлы Нұржігіт Алматыда кәсіпкерлік-



пен айналысса, ұлы Маханбет отбасымен еліміздің астанасында тұрады, оның қызы Ақлима астанамызда медцентрінің иесі, Нағиманың ұлы ұшқыш болып Америкаға «Бойнгпен» қатынаса, Гүлдәрдің ұлы Ерболат астанамызда ішкі істер басқармасында ұжымды басқарады, Әсем қарындасымыз оқу ісі саласында басшының орынбасары қызметін атқарса, қалған ұлдары Махсаттың, Мұқиттың, Талғаттың балалары жоғарғы оқу орындарында білім алуда. Жеңіскүн қызымыз күміс көмей әнші. Бұл ретте, Исатай Күзембайұлының ұл-қыздарына берген саналы тәрбиесінің нәтижесінде, ұрпағы еліміздің басты қалаларында түрлі салада еңбек етіп тіршіліктер жасауда. «Бақ қайда барасың дегенде, - ынтымаққа барам» демекші, ынтымағы, ауызбірлігі мықты Исатай көкеміздің ұрпағы алдағы уақытта оданда жоғары биіктерді бағындырып елімізге, халқымызға қызметтер жасап бақытты ғұмыр кешулерін тілеймін.

Қаршыға ҚАМБАРБЕКОВ,
Созақ ауданының Құрметті азаматы,
Нұр-Сұлтан қаласы.

Төтенше жағдай ескертеді

Дала, орман өрттерінен сақ болайық!

Құрметті Созақ ауданының тұрғындары бәрәмізге белгілі, дала орман өрттері табиғи немесе жасанды болуы мүмкін.

Табиғи дала орман өрттері найзағайдың әсерінен күннің қатты яғни 40-45 С ыстығының әсерінен құрғақ шөптердің өздігінен жануы мүмкін себебі олардың тұтану температурасы жоғары болады;

Жасанды дала орман өрттері адамдардың күнделікті өрт қауіпсіздік ережесін сақтамағандықтан пайда болатын өрттер. Адамдардың шылым шегіп толықтай сөндірімей тастап кеткенінің әсерінен, кішкентай балалардың сиріңкемен ойнау нәтижесінде және шаруашылық иелерінің ауыл шаруашылық техникаларында өрт қауіпсіздігін сақтамау, себебі от басқарушы жүруінен пайда болуы мүмкін

Шаруа қожалық иелері өздерінің өгістік алқаптарының айналасына минералды жолақтар жүргізуі қажет;

Барлық ауыл шаруашылық техникалары ұшқын ұстағыштармен, екі дана өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы тиіс;

Мал азығын даярлау, егін ору кезінде шаруа қожалық иелері бірігіп ортадан бір өрт сөндіру арналын соқпалы тракторды кезекшілікке қою шараларын ұйымдастыру қажет;

Дала, орман өрттерінің алдын алу шараларында, орманның аса өрт қауіпті аймақтарына адамдар мен техникалардың кіріп шығуына шектеу қоюға;

Дала, орман өрттеріне қарсы өзара бірлескен іс-қимыл жоспарын жасап, орман қоры жерімен шекаралас аймақтарда өрт қауіпі маусымы кезінде ауыл округі бойынша ерікті өрт сөндіру жасақтарын ұйымдастырып, құрамы бекітіліп дайын болуы қажет;

Ауыл әкімдіктеріне шекаралас орналасқан орман қоры жерлеріне өрт сөндіруге бейімделген және жанар-жағар маймен қамтамасыз ітілген техникалар жасақталып дайындықта тұруы керек;

Бидай немесе шөп ору науқанында желді күні ору жұмыстарын тоқтатуын қамтамасыз ету қажет;

Егерде былтырғыдай ауыз біршілікпен осы аталған міндеттерді бірге атқарсақ, 2022 жылы да орман және дала алқаптарын, кереметтей табиғатымызды тілсіз-жаудан сақтап қаламыз деп сенемін.

М.ӨСКЕН,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері,
азаматтық қорғау лейтенанты.

Суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шаралары

Жаздың ыстығында күнге және ыстық құмға қыздырыну, салқын суға шомылу жанға сондай жайлы. «Су сенің досың немесе дұшпаның».

Елімізде кішкентай балалар ғана емес, сонымен қоса ересек үлкен ағаларымызда суға кетіп өмірден қош айтысып жатыр. «Су мен от тілсіз жау». Балалардың суға кету себебі үлкендердің қараусыз қалу себебінен, ересектердің суға кету басын көпшілігі мас күйінде суға шомылуы. Жас балалардың суға шомылу білмеуі, адамдардың суда қауіпсіздік ережелері, шараларын орындамауы орны толмас қайғы мен өкінішке айналып жатады. Сондықтан осындай келеңсіз оқиғаларды болдырмау үшін, төмендегі ережелерді орындаған жөн:

Суда шомылудың қауіпсіздік шаралары:

- Суға шомылатын жерді, жалпы жағдайды судың тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп алыңыз;

- Тамақ ішкеннен кейін бірден шомылмаңыз;

- Суға тек қана рұқсат етілген жерлер мен жағажайларда шомылыңыздар;

- Өте ұзақ шомылмаңыз, өзіңізді шаршауға және тоңып қалтырауға дейін жеткізбеңіз;

- Суға түскенде бір-біріңізді көзден таса қылмаңыз;

- Қоршау белгілерінен, буйлардан тысқары аумаққа шықпаңыз;

- Техникалық ескерту белгілерінің, буйлардың және басқалардың үстіне шығушы болмаңыздар;

- Айналаңызда адамдар немесе құтқарушылар болмаса суға түспеген абзалырақ болады.

ӘДЕП ҚАҒИДАЛАРЫН САҚТАУ-

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ

(Соңы. Басы 3-бетте).

Қарапайым болу, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтау, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау; мемлекет мүдделеріне және азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін әрекеттерге қарсы тұру; заңда белгіленген шектеулерді сақтау, мүдделер қақтығысын болдырмау; азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік таныту, дерекілік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеу, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себепкер болмау, іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлық қағидаларын сақтау, азаматтардың көз алдында өздері өкілі болып табылатын мемлекеттік органдардың абыройы мен беделіне айқын нұқсан келтіретін әрекеттер жасауға жол бермеу; лауазымдық міндеттерді атқаруға байланысты кез келген сипатта құқыққа сыйымсыз уәделерді бермеу және құқыққа сыйымсыз міндеттемелерді алмау; жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын, сондай-ақ онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүдделерінде, оның ішінде оларға өзінің көзқарасын насихаттау үшін пайдаланбау; мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік мүлкті тек нысаналы мақсаты бойынша, лауазымдық міндеттерін және рұқсат етілген қызмет түрлерін орындау үшін пайдалану; қызметтік міндеттерді адал орындауға кедергі келтіретін құқыққа сыйымсыз қаржылық және мүлктік мүдделерді қудаламау. Мемлекеттік қызметшінің қызметтік міндеттерді орындау кезіндегі сырт келбеті мемлекеттік



аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, ресмилікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпыға бірдей қабылданған іскерлік стиліне сай болуға тиіс.

-Енді сұхбатымыздың соңына қарай өзіңіз атқаратын әдеп жөніндегі уәкіл аудандық деңгейде нендей жауапкершілік жүгін арқалайды деген сауалға жауап іздесек?

-Әдеп жөніндегі уәкілдің негізгі функциялары: Әдеп жөніндегі уәкіл өз құзыреті шегінде мынадай функцияларды жүзеге асырады: мемлекеттік қызметшілерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының және Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсетеді; мемлекеттік қызметшілердің заңдарда белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауына ықпал етеді; өзі жұмыс істейтін мемлекеттік орган басшылығының тапсырмасы бойынша мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша жеке және заңды

тұлғалардың өтініштерін қарайды; ұжымда жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына сәйкес келетін өзара қатынастар мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі; мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда, оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды; Әдеп жөніндегі уәкіл өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін: Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексін бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды талдауға қажетті мәліметтер мен құжаттарды сұратады және алады; өзі жұмыс істейтін мемлекеттік органның атынан Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының, сондай-ақ Әдеп кодексінің нормаларын түсіндіру үшін тиісті уәкілетті органдарға заңнамада белгіленген тәртіппен жүгінеді; мемлекеттік органның басшысына мемлекеттік органның оң имиджін және ұжымда

жағымды ахуал қалыптастыруға елеулі үлес қосқан адамдарды көтермелеу туралы ұсыным енгізеді; қажет болған жағдайда өзінің құзыретіне қатысты мәселелерді қарау кезінде кадр қызметінен мемлекеттік қызмет өткеру мәселелеріне қатысты мемлекеттік қызметшілердің жеке істерін, өзге де материалдар мен құжаттарды сұратуға және алуға құқылы. Әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметінің нәтижесі бойынша уәкілетті органға есеп береді. Есеп беру нысанын және мерзімдерін уәкілетті орган бекітеді. Әдеп жөніндегі уәкіл өзінің функцияларына жататын мәселелер бойынша мемлекеттік қызметшілерді және басқа да азаматтарды олардың өтініші бойынша немесе баршаға көрінетіндей жерде орналастырылған кестеге сәйкес айына кемінде бір рет қабылдауды жүзеге асырады. Қажет болған жағдайда, азаматпен немесе мемлекеттік қызметшімен әңгімелесу телефон арқылы не тиісті ақпарат беруді қамтамасыз ететін басқа да коммуникациялар құралдарын пайдаланумен жүргізілуі мүмкін. Әдеп жөніндегі уәкіл туралы мәліметтер, оның ішінде тегі, аты-жөні, фотосуреті, кабинет және телефон нөмірлері заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органның интернет-ресурсында және мемлекеттік органның гимаратында баршаға көрінетіндей жерде орналастырылады. Қызметтік әдеп нормаларының сақталуын, сондай-ақ ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін мониторингтеу мақсатында әдеп жөніндегі уәкіл кемінде жарты жылда бір рет уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша анонимді сауалнама жүргізіледі.

-Сұхбатыңызға рахмет!

**Сұхбаттасқан:
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

Созақта баскетбол спорты дамып келеді



Созақ спортының соны жаңалықтарының легі жалғасуда. Шілде айының 5-8 күндері Талдықорған қаласында баскетболдың 3Х3 түрінен ұлдар мен қыздар арасында Қазақстан Республикасының жазғы чемпионаты болып өтті. Бұл чемпионатқа ауданымыздың намысын қорғап, Қыземшек поселкесіндегі Ләнде Бөкенов мектебінде оқитын

аудандық БМСМ-нің оқушылары қатысып қайтты. Үш күнге созылған тартысты бәсекеде өнер көрсеткен 10-12 жастағы баскетболшыларымыз Өмірзақ Хасан мен Хусейн, Қырғызбай Нұрсаян және Додвигин Богдандар командалық есепте ҚР-ның қола жүлдегерлері атанды. Ал енді, Созақ тарихында тұңғыш рет қола болса да жүлделі орыннан көрінген жас спортшы оғандарымызды Базаргелдиев Нұрлан есімді жерлесіміз. Сүйінші спорт жаңалығымен бөліскен аудандық БЖСМ-нің директорының орынбасары Созақбай Қалиевтың айтуынша, бұл балалардың ойынына және бүгінгі жеткен жетістігіне қарап ойрып, Созақ баскетболының болашағы зор деуге әбден негіз бар.

Оқырмандарымыз да жақсы біледі, бұрындары ауданымызда күрес, аяқдоп (футбол) және волейбол ойындары ғана жақсы дамыған болатын. Ал енді бүгіндері бокс, гир, ережесіз жекпе-жек және баскетбол спорттары ерекше қарқынмен дамып келеді. Ендеше, алдағы уақыттарда да Созақ спортының абыройын аспандатып, асқақтатып жүрген оғандарымыздан соңсыз соны жаңалықтар күтеміз!

Данияр ҚОЖАНТЕГІ.



Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Директордың міндетін уақытша атқарушы:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы**

**Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы**
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 4000 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.